

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Хазірет ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 13 шілдедегі № 1 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 21 шілдеде № 5612 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Хазірет ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 13 наурыздағы № 1 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Хазірет ауылдық округі әкімінің 13.03.2018 № 1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы Министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 7-1/587 бұйрығымен бекітілген Ветеринариялық (ветеринариялық - санитариялық) қағидалардың (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11940 болып тіркелген) 1098, 1099 тармақтарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Мәртөк аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық инспекторының 2017 жылғы 28 маусымдағы № 11-3/394 ұсынысы негізінде Хазірет ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәртөк ауданы Хазірет ауылдық округі Хазірет және Жездібай ауылдары тұрғындарының ірі қара малдары табынының арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімі*

*М. Дүйсенов*